

"Қауіпті қалдықтар бойынша есеп беру нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 2 қарашадағы N 316-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 349-Ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 10 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5085 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 164-ө Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012.05.21 № 164-ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4998 болып тіркелген "Қауіпті қалдықтар бойынша есеп беру нысанын бекіту туралы" Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 2 қарашадағы N 316-ө бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 2 қарашадағы N 316-ө бұйрығымен бекітілген қауіпті қалдықтар бойынша есеп беру нысанында " Жалпымемлекеттік статистикалық есеп беру" және "ОКУД коды" жолдары алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр